

«Жирен жаман әдеттен» Анықтама

Қазақ отбасында балалардың толық тұлға болып қалыптасуына әке, ата тәрбиесімен қатар ағаның алар орны да ерекше. Оны «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар», «Үлкен тұрып, кіші сөйлегеннен без, аға тұрып, іні сөйлегеннен без», «Аға – орман, іні қорған», «Аға алдында пейіліңді, іні алдында мейіріңді көрсет», «Ағаның үйі ақжайлау» деген тағы басқа да халқымыздың мақал-мәтелдерінен-ақ аңғаруға болады.

Мектебімізде "Даналық мектебі" жоспары аясында 2026 жылдың 9 қаңтар күні мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының ұйымдастыруымен " **Жирен жаман әдеттен** " тақырыбында Астана қаласы Ә.Мамбетов атындағы драма және комедия театр актерлері Ілес Көпбосын және Ризабек Әли мырзамен кездесу өтті.

Мақсаты: Ағалардың іні қарындас алдындағы жауапкершілігін арттыру. Ағалық міндетінің мағынасын ашу. Інілері мен қарындастарына қамқорлық жасаудың мәнін түсіндіру.

Әр аға отбасындағы жол бастайтын, өзінен кейінгілерге бағыт беретін тұлға. Іні мен қарындас ағасына қарап бой түзеді. Қазақ халқында аға мен іні арасындағы қарым - қатынас ең ізгі, берік туыстық қатынас екендігі, бауырым деп бағалайтын қазынасы екендігі туралы түсіндірілді.

Сонымен бірге шарамыздың қонақтары өз ойларын ортаға салды.

Бала тәрбиесіне отбасындағы әр адам дәл осылай аса мықты жауапкершілікпен қараса, жас өрендеріміз ел үмітін ақтар үлкен азамат болып қалыптасады. Кездесу барысында оқушылар сұрақтар қойып, өнерлерін көрсетті.

